

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТІҢ 2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2024–2025 оқу жылында «Еркемай» жеке бөбекжайында ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қолдау көрсету мақсатында консультациялық пункттің жұмысы ұйымдастырылды.

Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыруға жауапты мамандар ретінде бөбекжай меңгерушісі, әдіскер, педагог-психолог және тәрбиешілер белгіленді. Жұмыс жоспары әзірленіп, консультациялық пункттің жұмыс кестесі бекітілді.

Консультациялық пункттің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиесі, дамуы, оқуы, мінез-құлқы, сөйлеу қабілеті, әлеуметтік-эмоциялық дамуы және мектепке психологиялық даярлығы мәселелері бойынша ата-аналарға қажетті кеңес беру.

Жұмыс барысында ата-аналарға баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеу, ойын арқылы дамыту, сөйлеу және танымдық қабілеттерін жетілдіру, баланың дербестігін қалыптастыру, ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасты орнату бағыттары бойынша консультациялық қолдау көрсету көзделді.

Алайда 2024–2025 оқу жылында есепті кезең ішінде консультациялық пункт қызметіне жүгінген балалар мен ата-аналар (заңды өкілдер) болған жоқ. Осыған байланысты жеке және топтық консультациялар нақты өткізілген жоқ.

Сонымен қатар, консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру бойынша қажетті құжаттар рәсімделіп, жұмыс кестесі мен жоспары дайындалды. Мамандар консультациялық қызмет көрсетуге дайын болды.

Қорытынды

2024–2025 оқу жылында «Еркемай» жеке бөбекжайындағы консультациялық пункттің қызметі ұйымдастырылғанымен, есепті кезеңде ата-аналардан және балалардан өтініш түспеуіне байланысты нақты консультациялық қызмет көрсетілмеді.

Алдағы оқу жылында консультациялық пункттің қызметі туралы ата-аналарға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету және ата-аналардың қажеттілігіне қарай консультациялық қолдау көрсету жоспарланады.

Меңгеруші: Амирова Гульбану Хаблакатовна

Әдіскер: Едильбаева Ботагоз Аманжоловна

Күні: «29» тамыз 2025 жыл